

1-бөлім: БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру ұйымының толық атауы:

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№145 «Бірқазан» орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы Көкжиде ж.а., Көкжиде көшесі, 6 құрылыс

Занды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон: 8(7242) 30 01 43

Электронды пошта: mektep145@mail.kz

web-сайт: <http://sh-145kzo-edu.testim.kz/>

Басшының толық аты-жөні: Тулеуова Карлыгаш Сактагановна

Лауазымға тағайындау бұйрығы: Мектепдиректоры Тулеуова Карлыгаш Сактагановна, Қызылорда қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 17 сәуір № 73 н/қ бұйрығымен тағайындалған.

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: Қызылорда Әділет департаменті Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылы 21 қаңтарда берілген.

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 01.10.2001 жыл

БСН 011040007675

Жарғының берілген күні: Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 22.12.2022 жылы № 01-17-410 бұйрығымен бекітілген.

Рұқсат етуші құжаттар: (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

Қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны

Хабарламаның тіркелген кіріс нөмірі: KZ64RVK00022615

Ескертуді алған күні мен уақыты: 31.01.2020 жыл

2-бөлім: КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат. Оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

(педагогтардың педагогикалық білімін растайтын құжат сканерімен 2-қосымшаға сәйкес қоса берілді)

Оқу жылы	Барлық мұғалім саны	Білімі		Пайыздық үлесі %
		Жоғары	Арнаулы орта	
2021-2022	3	2	1	100%
2022-2023	4	3	1	100%
2023-2024	3	3		100%

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер (педагогтардың біліктілік санатын растайтын құжат сканері қоса тіркелді)

Оқу жылы	Барлық мұғалім саны	Біліктілік							
		Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	I санат	Педагог-модератор	II санат	Педагог
2021-2022	3	0	0	0	0	0	1	0	0
2022-2023	4	0	0	0	0	0	1	0	0
2023-2024	3	0	0	0	0	0	1	0	0

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Білім көтеру түрі және қай мекемеден	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Тәрбиешілер саны	3	4	3
«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО	0	0	
«Өрлеу» БАҰО	2	1	
Басқа	1	3	2
Барлығы:	3	4	2

2021-2024 жылдар бойынша педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметі әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес толтырылып, мектеп директорының қолымен, мөрімен расталып, көшірмесі қоса берілді)

3-бөлім: ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ

(2021-2024 жылдар бойынша № 145 орта мектеп жанындағы шағын орталығы тәрбиеленушілері контингентінің тізімі 3-қосымшаға сәйкес толтырылып, мектеп директорының қолымен, мөрімен расталып, көшірмесі қоса берілді)

2021-2024 жылдар аралығында мектеп жанындағы шағын орталықтағы тәрбиеленушілер жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер тізімде жоқ, тіркелмеген. Шағын орталық тәрбиеленушілері «Ақжелкен» ортаңғы тобы, «Шаттық» ересек тобы болып 2 топқа жасақталған. Шағын орталыққа бала қабылдау, шығару тұрақсыз болғандықтан, бала саны жиі ауысып тұрады. Шағын орталық таңертеңгі сағат 8.00-ден кешкі сағат 18.00-ге дейін жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылында қыркүйек айында барлығы 13 бала қабылданып, жыл аяғында мектеп алды даярлық тобына 6 бала жіберілді. 2022-2023 оқу жылында 10 бала қабылданып, жыл аяғында 5 бала мектеп алды даярлық тобына жіберілді. 2023-2024 оқу жылында 10 бала қабылданды.

4-бөлім: ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

(2021-2024 оқу жылдарына арналып жасалған үлгілік оқу жоспарларының, перспективті жоспарлар, циклограммалар көшірмелері ұсынылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары жасалған, мектеп директоры қолымен бекітілген.

Перспективалық жоспарды педагогтер оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде стандарт бойынша құрастырды. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай қарастырды. Перспективалық жоспар құру барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, перспективалық жоспар жасалып, педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді.

Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жасақталып бекітілген. Циклограммада қабылдау, таңертеңгілік қабылдау, таңертеңгілік жаттығу, балалар әрекеттері т.б. міндеттер, мазмұны және ұзақтығы анықталған. Топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған.

5-бөлім. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

(Шағын орталықтың жабдықтарымен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәлімет 4-қосымшаға сәйкес толтырылып, мектеп директорының қолымен, мөрімен расталып, көшірмесі қоса берілді)

Ғимарат туралы мәлімет:

Шағын орталық ғимараты 2013 жылы ашылған. Жобалық қуаты – 20 орындық. Типтік жобада салынған. Шағын орталықта 2 ойын бөлмесі, 2 жатын, тәрбиеленушілердің сабақ үдерісіне арналған бөлме, санитарлық талапқа сай қол жуу және әжетхана бөлмесі бар. Ойын бөлмесі балалар шкафымен орындығымен ас үстелімен жабдықталған. Тәрбиеленушілерге арналған жеке шкафтар саны – 20. Балалар шкафтары оқу іс әрекеттеріне байланысты оқу әдістемелік құралдармен жинақталған. Жылу жүйесі сұйық отынмен, су, кәріз жүйелері жұмыс жасайды. Бейне бақылау - 9 (ішкі - 8), (сырты-1). Бейнебақылау камерасы шағын орталықтың жатын бөлмелерінде, ойын бөлмелерінде, дәліздерінде орналасқан.

Оқыту тілі –қазақ.

Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:

Мектепте медициналық кабинет жұмыс жасайды. Алғашқы медициналық қызмет көрсету қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Алғашқы медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар. Қызылорда облысы Денсаулық сақтау басқармасы 2015 жылы 19 наурызда № 15005301 берілген.

Медициналық қызметкер	Медициналық кабинет	Лицензия
1	1 қабылдау бөлмесі 1 егу бөлмесі	19.03.2015 ж № 15005301

7-бөлім: ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

Тәрбие мен оқытудың нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар.

(2021-2024 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингі, баланың жеке даму карталары қосымша ұсынылды.

Шағын орталық тәрбиеленушілерін оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалып, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік дағдылары рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатымен жоспарланған. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейіні тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Тәрбиеленушілер негізгі қимыл түрлерін меңгерген, ертеңгілік гимнастиканың жаттығулар кешенін орындай алады. Балалармен дидактикалық ойын, қимыл қозғалыс ойыны, ұлттық ойындар, сюжетті рөлді ойындар, жеке жұмыстар жүргізіледі. Қозғалыс ойындарда ойын ережелерін

Білім алушылардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері:

Баланың даму мониторингін қамтамсыз ететін мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері.

[illegible]